



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

участием волонтеров, специалистов и общественности.

• Социальный проект по поддержке детей из малоимущих семей «Социокультурный экспресс «Семья+» (2013 – 2014 гг.). Цель проекта: оказание индивидуальной комплексной (правовой, психологической, педагогической, социальной) поддержки детям из малоимущих семей посредством привлечения социокультурных ресурсов и реализации технологий молодежного добровольчества. В рамках реализации проекта на первой ступени добровольцами обеспечивается поддержка мотивации детей и их родителей к саморазвитию в условиях социокультурного пространства, а на второй ступени – погружение детей и их родителей в мир культуры. Проект включает разработку и реализацию программы тренинга культурного самоопределения (включение родителей и детей в совместную деятельность по осмыслению семейных ценностей, смыслов жизненной позиции, поиску вариантов совместного социально-полезного досуга); разработку и реализацию программы мастер-класса «Культура семейного досуга» (обучение детей и родителей креативным техникам как средствам сплочения семьи, психотерапевтической поддержки и социально-полезной занятости в домашних условиях); разработку и реализацию программы интенсива выходного дня (организация для детей и родителей знакомства с достопримечательностями Алтайского края и его приграничья).

Опыт разработки и реализации социальных проектов как ресурсов поддержки детей в системе профилактики безнадзорности и правонарушений несовершеннолетних показывает, что социальное проектирование содействует решению превентивных задач по принципам гуманизма, адресности, «равный - равному», социальной адекватности и инновационности, а главное позиционирует идеологию духовно-нравственного развития человека в процессе социализации. Проведенное исследование приводит нас к заключению, что социальная работа, особенно в части реализации добровольческих инициатив, может стать одним из ресурсов реализации международного сотрудничества в целях профилактики преступности несовершеннолетних.

Список использованных источников

1. Единая межведомственная информационно-статистическая система [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://www.fedstat.ru/indicators/start.do>
2. Официальный сайт Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан [Электронный ресурс]. - <http://pravstat.prokuror.kz/rus>
3. Мыльникова А.В. Состояние, причины и социальная профилактика преступности несовершеннолетних в Алтайском крае // Психология, социология и педагогика. 2014. № 4. С. 15.
4. Дронова Е.Н. Добровольчество как ресурс социально-педагогического образования будущих субъектов системы профилактики // Научно-методический электронный журнал "Концепт". 2014. Т. 20. С. 3426-3430.
5. Мыльникова А.В., Дронова Е.Н. Социокультурный экспресс «Семья+» - технология социально-культурной деятельности в Алтайском крае // Электронный научно-практический журнал культура и образование. 2014. №6(10). С. 46.

УДК 159:311.7-17

ЖЕТКІНШЕКТЕР МЕН АТА-АНА АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Муталиева Алтын
the.happy.altynai@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
«5В050300-Психология» мамандығы 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Айтышева А.М.

Жеткіншектік шақ —өзінің мүмкіндіктері мен өмір жағдайларын ескере отырып, ол туралы ойлану басталатын, өз ниеті, іс-әрекетін жүзеге асыруға ұмтылатын кезең. Сананың дамуы баланың өз бетімен тәуелсіз талаптануын тудырады. Олар отбасында, мектепте еңбек процесіне араласады, күнделікті өмірді бақылайды, ой-өрісі кеңиді. Бұл жастағы бала намысқой келеді, үлкендер бақылауын, әкімшілік шараларды ұнатпайды. Үлкендерді озбырлық жасайды деп ойлайды. Кейде түсініспеушілік осындайdan да туады. Үлкендерге байланып олардың мінезінен шындықты байқауға тырысуы үлкендер мен балалар арасында түсініспеушілікті туғызады. Үлкендердің ойланбай асығыс шешім қабылдауы балаға зиян келтіруі мүмкін.

Жеткіншектердің қалыптасуында жолдастарының қоғамдық пікірі үлкен рөл атқарады. Мораль мәселелерін талдау және адамгершілік тақырытындағы пікір сайыстардың әсерінен өмірдің мәні, өз болашағы, мамандығы туралы, өз беделі туралы ойланатындықтан, мұғалім бұл мәселелерді шешуге пәрменді түрде көмектесіп, күнделікті іс-қылықтардың адамгершілік мәнін ашуға көмектеседі. Ересек адамдар бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, әр баламен ойланып жұмыс істеу керек. Сәнге сәйкес киінгені, музыка тыңдағаны үшін баланы сөгу дұрыс емес. Жеткіншектермен өзара әрекеттің негізгі тәсілдері: онымен бірге іс-қылықтарды, оқиғаларды талдау, баға бергізу, өзін-өзі талдауға, өз мінез-құлқын басқаруға үйрету.

Осы жаста адамның мінез-құлқы және басқа да жеке басының негіздері қалыптасады. Міне, осы кезеңде жеткіншектермен жасалатын тәрбие жұмысында кемшіліктер айқын көріне бастайды. Соңғы кездері жеткіншектер тәртібінің төмендегенін байқауға болады: а) ата-анамен келіспеушілік жағдайда болу; ә) мектептегі қиындық пен сәтсіздік; б) тәртібі қиын құрбы-достарымен байланыс орнату.

Отбасы жағдайы, ата-ананың кәсібі, материалдық жағдайы, білім деңгейі жеткіншектің өмірдегі жолын айқындайды. Ата-ананың саналы, мақсатты тәрбиесі бала өмірінде үлкен рөл атқарады. Отбасындағы жақсы қарым-қатынасты жоғалту, мектептегі сәтсіздік, келеңсіз топтағы құрбыларымен жақындық әр түрлі жолдарға итермелейді. Отбасы, мектеп, құрбы-құрдастар тобы — барлық жеткіншектердің нағыз табиғи ортасы, ең маңызды қоғамдық факторы. Демек, баланың мінез-құлқының қалыптасуына отбасы ерекше әсер ететіндіктен оның көп қырлы, жан-жақты болуы отбасына байланысты.

Жеткіншектің мінез-құлығындағы агрессивтілік ішімдікпен, нашақорлықпен тікелей байланысты. Кейде жеткіншектер ішімдік ішкен кезде өзінің еңбегін (бұзақылық, төбелес, сәтті аяқталған оқиғаларын) атап өтеді. Жеткіншектің тәртібі агрессивті күйде болса, олар «қиын» балалар қатарына жатады. Кейбір мектеп мұғалімдерінің қиын балалармен жұмысы сынып алдында жүйке жұқартатын әңгіме, жазалау, т.б. түрінде жүзеге асады. Әдетте, бұл әрекеттің барлығы оң нәтиже бермей-ді, керісінше қиын жеткіншектердің мұғалімге, мектепке кектенуі күшейіп, қарсы келуіне әкеледі.

Жеткіншек кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орын оның “өтпелі”, “бетбұрыс”, “қиын” кезең деген атауларында бейнеленген. Бұл атауларда осы жастарда болатын, өмірдің бір дәуірінен екіншісіне өтуімен байланысты даму процестерінің күрделілігі мен маңыздылығы айтылған. Балалық шақтан ересектікке өту осы кезеңдегі дене, ақыл-ой, адамгершілік, әлеуметтік дамудың барлық жақтарының негізгі мазмұны мен өіне тән ерекшелігі болып табылады. Барлық бағыттарда сапалық жаңа құрылымды, организмнің сана-сезімнің, үлкендермен және жолдастарымен қарым-қатынастық, олармен әлеуметтік өзара іс-әрекет әдістерінің, мүдделердің, іс-әрекет пен қарым-қатынасқа арқау болатын моральдық-этикалық нормалар мазмұнының қайта құрылуы нәтижесінде ересектік элементтері пайда болады [1]. Жеткіншек кезеңінің маңыздылығы адамның жеке басының моральдық және әлеуметтік негіздері қолданылады және олардың қалыптасуының жалпы бағыты белгіленеді. Жасөспірімдік шақта олардың қалыптасуы саналады. Бұлай бағалау біріншіден, осы уақытта болатын көптеген сапалық өзгерістерге байланысты: бұл өзгерістер кейде баланың бұрынғы ерекшеліктерін, мүдделері мен қарым-қатынастарын түбірімен

өзгертетін сипатта болады; мұның өзі біршама қысқа мерзімде болуы мүмкін, көбінесе күтпеген жерден болады да, даму процесі секірмелі, қауырт сипат алады. Екіншіден, болып жатқан өзгерістер екінің бірінде, бір жағынан жеткіншектің өзінде әр түрлі елеулі субъективтік қиыншылықтардың болуымен қабаттасады, ал екінші жағынан, оны тәрбиелеудегі қиыншылықтармен ұштасады: онда тіл алмаудың қарсылық пен наразылықтың түрлі формалары шығады (қиқарлық, дөрекілік, қарсылық, тұйықтық) [2].

Өтпелі кезеңде балалардың сабағы өзгереді, жақсы оқып жүрген балалардың сабағы нашарлайды. Балаларда өзімдік “Мен” сезімі пайда болады. Олар еркін жасауға құмар келеді. Тым еліктегіш болады. Жасөспірімдік шақта оларда өзін-өзі тануы белсенді болады. Ол өз көзқарастары мен пікірлері, әрекеттері барысында айқын байқалады. Сонымен қатар бұл кезеңде балалар отбасынан, мектептен оқшауланып, өз құрбыларының ықпалында болады. Олар әсіресе өздерін еркін сезінетін ортаға орналасуға бейім болып келеді. Олар спорт секциялары, техникалық үйірмелер болуы мүмкін, тіпті, темекі шегетін, арақ ішетін орын ретінде үйлердің жертөлесі болуы мүмкін. Бұл кезеңде балалар ересектермен, әсіресе ата-аналармен көбірек ерегіске барып, ортақ тіл табыса алмайды. Балалар ата-аналарының тең құрдастай қарым - қатынас жасауын қалайды. Бұл кезде балалар көбірек өз бетінше өмір сүруге тырысады. Олар өзіне кумир (пір) сайлап алады да, соған еліктейді. Басқа балалардан ерекшеленуге тырысады.

Жеткіншектік жаста адамның мінез - құлқы және басқа да жеке басының негіздері қалыптасады. Міне, осы кезеңде жеткіншектермен жасалатын тәрбие жұмысында кемшіліктер айқын көріне бастайды. Соңғы кездері жеткіншектер тәртібінің төмендегенін байқауға болады:

- ата - анамен келіспеушілік жағдайда болу;
- мектептегі қиындық пен сәтсіздік;
- тәртібі қиын құрбы-достарымен байланыс орнату [2].

Отбасындағы жақсы қарым - қатынасты жоғалту, мектептегі сәтсіздік, келеңсіз топтағы құрбыларымен жақындық әр түрлі жолдарға итермелейді. Ендеше осы үш элемент: отбасы, мектеп, құрбы - құрдастар тобы – барлық жеткіншектердің нағыз табиғи ортасы. Олар кәмілеттік жасқа толмағандардың ең маңызды қоғамдық факторы болып табылады.

Демек, жас баланың мінез - құлқының қалыптасуына отбасы ерекше әсер етеді, солай болғандықтан оның көп қырлы, жан - жақты болуы отбасына байланысты. Ал педагогикалық, әлеуметтік жағынан жіберілетін әлсіздік оқу жүйесіндегі сәтсіздіктің, аномальді мінез - құлықтың қайнар көзі болып табылады.

Жеткіншектің мінез - құлығындағы ауытқулар көбіне туа пайда болмайды, олар физиологиялық ауытқулардан емес, отбасындағы және мектептегі дұрыс тәрбие бермеуден пайда болады.

Жеткіншектің “қиын бала” қатарына қосылуына не себеп? Қазіргі таңдағы ғалымдардың ойы бойынша негізгі себеп мыналар:

- Көңіл аудартуға күрес. Тіл алмаушылық – бұл өзіне көңіл аударуға мүмкіндік береді. Көңіл аудару эмоциялық көңіл-күйдің жақсаруына қажет.

- Өз көзқарасы, билік үшін күрес. Жеткіншек ескертулерге, ережелерге өз қарсылығын білдіріп, барлығына қарсы шығады. Өз шешімдері, көзқарастарының болуына деген мүмкіндік – өзінің өмірлік тәжірибесінің жинақталуына мүмкіндік. Қате тәжірибе болса да ол үшін бәрібір.

- Ақысын алуға деген ұмтылыс. Жеткіншек кек сақтайды (оны іні, қарындастары мен ағаларымен басына тұрып салыстырғаны үшін, отбасы мүшелерінің алдында басынғаны үшін, ата-анасының ажырасуы немесе отбасында жаңа адамның пайда болуы).

- Оның мектептегі, оқуындағы, мұғалім мен құрбыларымен қарым-қатынасындағы жетістігіне сенбеу, өзін-өзі бағалауының төмендігі [3].

Сондықтан, мұндай қиын өтпелі кезеңде ата-ана тарапынан жеткіншекке дұрыс қарым-қатынас жасай білу керек. Дұрыс қарым-қатынас дегеніміз - дұрыс сөйлей білу. Яғни, “Мен саған сенемін”, “Мен сені жақсы көремін”, “Мен әрқашан сенімен біргемін”, “Сенің

жетістігіңе мен сенемін ” т.б.

Ата-ана тарапынан қолдау дегеніміз бұл :

- Жеткіншектің жақсы қасиеттеріне көңіл аудару;
- Жеткіншектің қателік жасамауы үшін өз ақылын, көзқарасын білдіруі;
- Жеткіншектің өзі күшіне сенуіне көмектесу;
- Сәтсіздіктерде қолдау көрсету.

Жеткіншекке қолдау көрсетуде ата-ана өз іс-әрекеті мен қарым-қатынас стилін өзгертуі мүмкін. Жеткіншекке қолдау көрсету - оған сену. Көптеген өмірлік қиыншылықтарды бірге бастан кешу. Жеткіншек өз күшіне деген сенімділігі пайда болу үшін ата-ана шыдамды, қайратты әрі сабырлы болуы керек. Мұндай қасиеттер жеткіншекке келесідей сенімдерді қалыптастырады:

- Өткен сәтсіздіктерді ұмыту;
- Кез-келген тапсырманы орындай алуына сенімділігін арттыру;
- Барлығын жаңадан бастауға және ол жетістікке жететініне сену;
- Өткен жетістіктерді ұмытпауға және қателіктерді қайталамау үшін қажет.

Сонымен, ата-ана жеткіншек баласын қолдау үшін:

Ата-ана көп уақыт жеткіншекпен бірге өткізгені жөн.

Жеткіншектің жақсы қасиеттеріне сүйенуі керек.

Күрделі тапсырмаларды жеңіл етіп түсіндіруге тырысуы керек.

Жеткіншекпен қарым-қатынасқа мүмкіндішінше әзіл-қалжыңды енгізген жөн.

Жеткіншектің мәселені өзі шешуіне барынша мүмкіндік беру қажет.

Шектеулер мен жазалардан бас тартқан дұрыс.

Сәтсіздіктер мен қиындықтарда оптимизм көрсеткен дұрыс.

Ең бастысы ата-ана өз баласын қандай болса, солай етіп қабылдауға үйренуі керек. Оның жақсы қасиеттерімен бірге кемшіліктерін түсінгенде ғана ата-ана мен жеткіншек арасындағы қарым-қатынас сапалы мәнге ие болады.

Қолданған әдебиет

1. Обухова Л.Ф. Возрастная психология. — М., 1999.
2. Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. — СПб., 2000.
3. Психология человека от рождения до смерти. Под ред. А.А.Реана - СПб.: ПРАЙМ-ЕВРОЗНАК, 2002. - 656 с

УДК 364.023 – 055.2(574)

СОЦИАЛЬНАЯ РАБОТА В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КРИЗИСНЫХ ЦЕНТРОВ ДЛЯ ЖЕНЩИН В КАЗАХСТАНЕ.

Манапова Перизат Нұркенқызы

manapova_piko6@mail.ru

студент 4 курса специальности «5В090500 – Социальная работа»

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель: Кудабеков М.М.

Первый в Казахстане кризисный центр («Подруги»), куда могут обращаться женщины, попавшие в сложную жизненную ситуацию, появился в Алматы в январе 1998 года. Так же в 1998 году в феврале месяце было создано учреждение «Центр поддержки женщин «Незабудка» в г. Риддере, как инициативная группа. 21 февраля 2000 года зарегистрирован, как общественное учреждение. В том же 1998 году был открыт Талдыкорганский региональный «Центр поддержки женщин». Кризисный Центр "Забота", г. Алматы, зарегистрирован 28 сентября 1999г. как неправительственная организация. 26 марта 2001 г. создается ОЮЛ «Союз кризисных центров» в Казахстане. Это неправительственная